

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауының мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді (бұдан әрі – Байқау).

1.2. Байқау жыл сайын Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы мүшелік ұйымдарының құқықтық еңбек инспекторлары (бұдан әрі – Кәсіподақ) арасында өткізіледі және қатысушылар тұлғасы мен саны бойынша ашық болып табылады.

1.3. Байқауды үйлестіру, дайындау және өткізуді Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі жүзеге асырады.

2. Байқаудың мақсаттары, принциптері мен міндеттері

2.1. Байқауды өткізу мақсаттары:

- еңбек заңнамасын, қызметкерлердің құқықтары мен кәсіби мүдделерін қадағалауға қоғамдық бақылауды жүзеге асырудағы кәсіподақ ұйымдарының рөлі мен ықпалын арттыру;

- құқық қорғау жұмысының нысаны мен әдістерін жетілдіру;

- кәсіподақ ұйымдарының қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және білдіру, сондай-ақ құқықтық еңбек инспекторларының қызметін ынталандыру бойынша оң жұмыс тәжірибесін тарату болып табылады.

2.2. Байқауды ұйымдастыру және өткізудің негізгі принциптері:

- кешенді тәсіл;

- ашықтық пен жариялылық;

- әділдік және нақтылық.

2.3. Байқаудың міндеттері:

- құқықтық еңбек инспекторларының қызметін жан-жақты талдау арқылы олардың тиімділігі мен нәтижелілігін белгілеу;

- Кәсіподақтың құқықтық еңбек инспекторларының жұмысына жарысушылық элементтерін енгізу;

- Кәсіподақ қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде құқық қорғау жұмысының нәтижелерін арттыру.

3. Байқауды ұйымдастыру, өткізу тәртібі мен шарттары

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппаратымен жүзеге асырылады.

3.2. Қорытындыны байқау Комиссиясы жүргізеді. Байқау Комиссиясының сандық және сапалық құрамы Кәсіподақ төрағасының өкімімен бекітіледі.

3.3. Байқауға қатысу үшін келесі есеп беру жылының 1 наурызына дейін өтінім (*осы Ережеге 1-қосымша*) және түсінік хатымен есеп беру жылы бойынша жұмыс нәтижесін (*осы Ережеге 2-қосымша*) жіберу қажет. Өтінім Кәсіподақтың мүшелік ұйымы төрағасының мөрімен куәландырылады.

3.4. Түсініктеме хатта құқықтық инспектор жұмысын нақты мысалдармен ашу қажет. Оған растайтын материалдар (презентациялар, мақалалар, буклеттер, сот қаулыларының көшірмелері, интернет-ресурстарға сілтемелер, әлеуметтік желілер және т.б.) тіркеледі.

Түсініктеме хат еркін нысанда құрылады.

3.5. Ұсынған материалдарды байқау Комиссиясы қарайды.

3.6. Байқау Комиссиясына материалдар электрондық түрде ұсынылады.

3.7. Ұсынылған материалдар баллдық жүйемен байқау Комиссиясымен бағаланады және Бағалау қағазына енгізіледі (*осы Ережеге 3-қосымша*).

3.8. Байқау жеңімпаздары ең көп балл жинаған тұлғалар болып табылады.

3.9. Байқау қорытындысы байқау Комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді.

4. Байқауды қорытындылау, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау

4.1. Байқау қорытындысы құқықтық инспекторлардың функционалдық қызметтерінің негізгі түрлері бойынша сәйкес жылға жұмыс нәтижелері бойынша жасалады (*осы Ережеге 2-қосымша*).

4.2. Комиссия Байқауға ұсынылған материалдарды қарайды және 20 наурызға дейін Байқауға қорытынды жасайды. Байқау қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған үш жеңімпаз (I, II, III орындар) анықталады.

4.3. Байқау жеңімпаздарына «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» атағы беріліп, Дипломмен және біржолғы ақшалай сыйлықақымен марапатталады.

4.4. Байқау материалдары және қорытындысы Кәсіподақтың <http://edu-tradeunion.kz/kz/> ресми сайтында жарияланады.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауы туралы Ережеге 1-қосымша

**«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

1. Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты

2. Мүшелік ұйым атауы

3. Байланыс (электрондық адрес, мобильді телефон)

4. Өтінім беру күні _____

5. Қосымшалар:

Қатысушының қолы _____

Төраға _____
мүшелік ұйым атауы

« ____ » _____ 202 ____ жыл _____
қолы, тегі және инициалдары

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауы туралы Ережеге 2-қосымша

Құқықтық еңбек инспекторы жұмысының нәтижелері туралы мәліметтер

(мүшелік ұйым атауы)

(құқықтық еңбек инспекторының тегі, аты, әкесінің аты)

№	Көрсеткіштер атауы	Сандық көрсеткіштер
1	2	3
1.	Барлық қаралған өтініштер:	
1.1.	оның ішінде мемлекеттік еңбек инспекторларына жіберілді, олар жұмыс берушілер орындау үшін міндетті ұйғарым берді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар мен қаулылар жасалды, әкімшілік жаза салынды	
2.	Құқықтық көмек көрсетілді:	
2.1	келісу комиссияларында	
2.2	сотта	
2.2.1	соның ішінде талап арыздар толықтай немесе ішінара қанағаттандырылды	
2.2.2	оның ішінде жұмысқа қайтарылғаны	
2.2.3	жеке қабылдауда	
2.2.4	БАҚ-та	
2.2.5	ғаламтор жаһандық компьютерлік желісінде	
3.	Еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүзеге асырылған ұйымдар саны (барлығы)	
4.	Анықталған еңбек заңнамасын бұзушылықтар (барлығы)	
5.	Жұмыс берушілерге бұзушылықтарды жою жөнінде ұсыныстар жіберілді	

6.	Кәсіподақ мүшелеріне құқықтық инспекторлармен дайындалған талаптар бойынша заңсыз ұсталынған немесе төленбеген ақшалай сома қайтарылды (теңге)	
7.	Құқықтық мәселелер бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді	
8.	Құқықтық қызмет инспекторы қызметінің экономикалық тиімділігі (теңгемен)	
9.	Құқықтық инспектор қатысуымен қаралған еңбек даулары:	
9.1	жеке	
9.2	ұжымдық	

қолы

тегі, инициалдары

« _____ » _____ 202__ ЖЫЛ

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауы туралы Ережеге 3-қосымша

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауының бағалау парағы

(мүшелік ұйым атауы)

(құқықтық еңбек инспекторының тегі, аты және әкесінің аты)

№	Қызмет түрлері	Бағалау критеріі	Бағалау объектілері	Балл бойынша нәтиже
1	2	3	4	5
1.	Барлық қаралған өтініштер:	Әрбір өтінішке 0,2 балл		
1.1.	Мемлекеттік еңбек инспекциясына өтініштер жіберілді, олар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасады, орындауға міндетті ұйғарымдар берілді	Әрбір өтінішке 2 балл		
2.	Құқықтық көмек көрсетілді:			
2.1.	келісу комиссияларында	Әрбір қатысымға 0,5 балл		
2.2.	Сотта	Әрбір қатысымға 5 балл		
2.2.1	Ішінара немесе толық қанағаттандырылған талап арыздар саны	Әрбір талап арыз бойынша 5 балл		
2.2.2	Жұмыстарына қайтарылған тұлғалар саны	Әрбір жұмысына қайтарылған тұлға үшін 5 балл		
2.2.3	жеке қабылдауда құқықтық көмек алған тұлғалар саны	Әрқайсысы үшін 0,5 балл		
2.2.4	БАҚ-та кеңестер саны	Әр басылымға 5		

		балл		
2.2.5	Интернет желісіндегі кеңестер саны	Әрбір кеңеске 2 балл		
3.	Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауға қоғамдық бақылау шеңберінде жүргізілген тексерулер саны	Әрбір тексеріске 5 балл		
4.	Анықталған еңбек заңнамасын бұзушылық саны	Әрбір анықталған бұзушылыққа 1 балл		
5.	Жұмыс берушілерге еңбек заңнамасын бұзушылықты жою жөнінде жіберілген ұсыныстар саны	Әрбір ұсынысқа 2 балл		
6.	Қызметкерлерге заңсыз ұсталынған немесе төленбеген ақшалай сома қайтарылды (жалпы сомасы теңгемен)	Әрбір 100 000 теңгеге 5 балл (қалдықты дөңгелектеу)		
7.	Әдістемелік ұсынымдар әзірленді	Әрбір әзірленімге 10 балл		
8.	Құқықтық инспектор қызметінің экономикалық тиімділігі (теңгемен)	Әрбір 100 000 теңгеге 5 балл (қалдықты дөңгелектеу)		
9	Құқықтық инспектор қатысуымен қаралған еңбек дауларының саны			
9.1.	Жеке	Әрбір оқиғаға 5 балл		
9.2.	Ұжымдық	Әрбір оқиғаға 20 балл		
	Барлығы	x	x	

Комиссия төрағасы

қолы

тегі және инициалдары

Комиссия мүшелері
